



Павлодар педагогикалық университетінің
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского педагогического университета

2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

2'2022

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Ж.О. Жилбаев, председатель правления-ректор ППУ, канд. пед. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Зам. главного редактора

Б.А. Жетписбаева, доктор пед. наук, профессор (КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан)

Ответственный секретарь

А.Н. Ахмульдинова, старший преподаватель (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Члены редакционной коллегии

• *Серия «Психолого-педагогическое образование»*

Л.С. Сырымбетова (научный редактор серии), кандидат пед. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

А.Ж. Аплашова, кандидат психол. наук, ассоциированный профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

О.Г. Смолянинова, доктор пед. наук, профессор (СФУ, г. Красноярск, Россия)

Л.А. Шкутина, доктор пед. наук, профессор (КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан)

М.И. Оразхановна (тех.секретарь серии), кандидат филол. наук (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

• *Серия «Социально-гуманитарное образование»*

З.К. Темиргазина (научный редактор серии), доктор филол. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Бекен Сағындықұлы, доктор филол. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

К.С. Ергалиев, кандидат филол. наук, ассоциированный профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

В.П. Синячкин, доктор филол. наук, профессор (РУДН, г. Москва, Россия)

С.А. Осокина, доктор филол. наук, профессор (АлтГУ, г. Барнаул, Россия)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

С.В. Николаенко, доктор пед. наук, профессор (ВГУ им. П.М. Машерова, г. Витебск, Беларусь)

Малгожата Лучик, хабилитированный доктор наук, профессор (Зеленогурский университет, г. Зелена-Гура, Польша)

Ж.Б. Ибраева, кандидат филол. наук, доцент (КазНацЖенПУ, г. Алматы, Казахстан)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

В.А. Клименко, доктор соц. наук, профессор (Советник Исполнительного комитета СНГ, г. Минск, Беларусь)

• *Серия «Естественно-математическое и техническое образование»*

Ж.К. Шоманова (научный редактор серии), доктор техн. наук (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

В.В. Ларечкин, доктор техн. наук, профессор (НГТУ, г. Новосибирск, Россия)

А.С. Жумаханова, кандидат химических наук (ИТКЭ им. Д.В. Сокольского, г. Алматы, Казахстан)

Р.З. Сафаров, кандидат химических наук, доцент (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан)

А.А. Жубанова, доктор биологических наук, профессор (КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан)

Ж.Д. Мусаев (тех. секретарь серии), магистр педагогики (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

• *Серия «Менеджмент в образовании»*

О.Б. Боталова (научный редактор серии), кандидат педагогических наук (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Г.Р. Аспанова, доктор философии (PhD) (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

З.Е. Жумабаева, кандидат педагогических наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

А.Ж. Мурзалинова, доктор педагогических наук, профессор (Филиал АО «НЦПК «Орлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, Казахстан)

Б.А. Тургунбаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан)

Р.К. Сережникова, доктор педагогических наук, профессор (Санкт-Петербургский военный ордена Жукова институт войск национальной гвардии Российской Федерации, г. Санкт-Петербург, Россия)

Т.Ю. Шелестова, доктор философии (PhD) (КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан)

А.Т. Жандилова (тех.секретарь серии), магистр (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Технический секретарь: Ж.Б. Узыканов

Тематическая направленность журнала «Педагогический вестник Казахстана»: педагогические, гуманитарные, социальные науки, образование.
Периодичность: 4 номера в год. Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский.

© Павлодарский педагогический университет

Victoria Sherif, A.Қ. Нұрғалиева, Ақ.Қ. Нұрғалиева Тұлғаның көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың кейбір мәселелерін зерттеудің нәтижелері.....	4
K. Cesur, A. Zholdabayeva, M. Gürlüyer Preservice efl teachers' preferences on the topics of media and communication course	19
Д.П. Кошева, А.А. Лоткова Создание дидактического материала с элементами AR-технологии по теме «Модели и моделирование»	32
О.А. Тыщенко Деятельность школьников при изучении математических утверждений и способов их доказательства.....	53
Г.А. Федорова, М.И. Рагулина, И.О. Сайфурова Мобильные технологии в обучении будущих учителей информатики .	67
N.V. Chekaleva, B.A. Matayev Influence of self-assessment of a high school student on the choice of a profession.....	84
G. Starchenko, Zh. Shirokova Methodology of written speech teaching on the text material at the lessons of the russian and english language	101
Авторларға арналған ереже Правила для авторов	114

**Victoria Sherif¹, А.Қ. Нұрғалиева², Ақ.Қ. Нұрғалиева³*

¹ PhD доктор, Кентукки университеті, АҚШ
victoria.sherif@wichita.edu

² п.ғ.д., Павлодар педагогикалық университетінің педагогика
жоғары мектебінің профессоры, Қазақстан.
nurgalievaak@mail.ru.

³ п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университетінің педагогика
жоғары мектебінің қауымдасқан профессоры, Қазақстан.
aknurgalieva@mail.ru.

ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Анотация. Педагогикалық қызметтің басты мақсатына болашақта бойында қалыптасқан көшбасшылық қасиеттер мен сапаларды өз пайдасына, қоғам дамуына үлес қосу үшін қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру жатады. Мақалада көшбасшылықпен байланысты кейбір мәселелердің теориялық негіздері қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде ғалымдардың көшбасшылықпен байланысты ұғымдарына берген анықтамалары, олардың көшбасшылықты талдау арқылы байқалуы мақалада орын алған. Мақалада білім берудегі көшбасшылық ұғымы белгілі көшбасшылық теориялар арқылы қарастырылған. Көшбасшылық мәселесі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген педагог-ғалымдар, көптеген авторлар баса назар аударатын көшбасшыларға тән сапалар білім беру саласының ерекшеліктері тұрғысынан талданған. Қоғамның, ортаның дамуына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа әсер беретін факторлар жастардың көшбасшылық сапаларын үдемелі түрде дамытатыны туралы түрлі елдерде ғылыми зерттеулердің өзегі болғаны мақалада орын алған. Авторлар көшбасшылық мәселелерін көп жылдар бойы зерттей келе соңғы бес-жеті жылда жастардың көшбасшылықтығы қандай өзгерістерге ұшырағандығы бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелерін мақалада келтірген. Мақала авторлары көшбасшылық мәселелерін зерттеушілері көшбасшылық пен басқаруды топтық әрекетте ең жоғары әсерге жету үшін әлеуметтік-психологиялық әсер берудің формасы деп санайды деген басты қорытындыны жасайды.

Кілтi сөздер: көшбасшылық, тұлғалық сапа, көшбасшылық сапалар, білім берудегі көшбасшылық, жастар көшбасшылығы.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамның дамуында көшбасшылықпен мектепті басқару сұрақтары өте өзекті. Қоғамға жақсы басшылар, қоластындағыларды соңынан ерте алатын көшбасшылар қажет. Бұндай болашақ көшбасшылар мектепте қалыптаса бастайды. Осы мақсатқа бүгінгі білім саласының сай болуы мұғалімдердің тиімді топтары мен табысты мұғалімдері жұмыс істейтін мектептер керек. Қазіргі таңдағы мектепте мұғалім табысты болуы үшін кәсіби біліммен қатар өзіндік сана, өзін бақылау, әлеуметтік қайырымдылық және қарым-қатынастарды басқару сияқты тұлғалық және әлеуметтік қасиеттерге ие болуы қажет, яғни бүгінде көшбасшы мұғалімдер көптеп талап етілуде. Олардан жай даралық даму, ұйымдастыру деңгейінің жоғарылығы ғана емес, жаңа идеялар, тәсілдер тудыратын, жаңа технологиялар жасайтын, ізбасарларын дайындайтын және оны дамытатын қабылеттер талап етілуде.

XXI ғасырдың екінші онжылдығы адамзат дамуына ерекше әсер берді. Педагогикалық қызметтің мақсаты қоғамның тапсырысы бойынша ұйымдастырылатынын еске алсақ, бүгінде оның барысына көптеген өзгертулер енгенін байқаймыз. Ең бастысы педагогикалық жүйені құрастыратын компоненттер мен оның жүйелік элементтері болатын адамдар тобы (мұғалімдер мен оқушылар) көптеген сапалы өзгерістерге ұшырады.

Бұның басты себебі жалпы адамзат дамудағы үдерістердің үдемелі сипаты. Егерде XX ғасырда біз адам дамуын алдын ала болжағанда оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің нәтижесін алдын ала 10–15 жылға болжаған болсақ бүгін уақыт ағымының жылдамдығын ескеруіміз қажет. Педагогикалық үдерістің стратегиясын құруда болжалмалы кезеңнің қысқарып жатқаны қазір мұғалімдер қауымынан үлкен көрегендікті талап етеді. Әрине, бұл жай ғана көрегендік емес, ғылыми тұрғыдан оқыту мен тәрбие үдерісін дұрыс болжау болып табылады. Қазіргі заман тілімен айтсақ болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауды жоғарыда келтірілген себептер негізінде қайта іске қосу (перезагрузка) керек.

Ең алдымен, педагогика ғылымында дәлелденген адам дамуына әсер беретін үш фактордың (орта, тұқымқуалаушылық, тәрбие) өзгергенін есепке алып адам дамуының барысында кездесетін жағдайларды дұрыс болжап оқыту мен тәрбие үдерісін тұлғаның оңтайлы дамып қалыптасуына сай болуын қамтамасыздандыруымыз қажет.

Қазіргі заманауи үдерістер тұлғадан тез шешім қабылдай білуді, белсенділікті, саналылықты, көштен қалып қоймай сол көштің бас жағында, тіпті оған көшбасшы болуды талап етеді. Бұл талаптарға сай болу адамның тек өзіне ғана емес, бүгінгі жағдайда адамзаттың болашағы үшін қажеттігі айдан анық десек те болады. Жаһандану үдерісі бүгін баршадан бар күшті, қабілетті, сапалар-

ды қайта қарастырып өз болашағын, адамзат амандығы үшін жұмылдыруды талап етеді.

Жалпы білім беру мазмұнын, нақты мектептердегі мұғалімдердің кәсіби желілік қоғамдастығын жаңартуға және дамытуға көшбасшылық ықпал етеді. Сондықтан білім берудегі көшбасшылықты теориялық және практикалық жағынан зерттеу ерекше қызығушылықты тудырады.

Материалдар және әдістер

Жоғарыда келтірілгендердің өзектілігінен болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қабілетін дамыту мақсатында көшбасшы, көшбасшылық сапа түсініктері қандай екенін қарастырайық. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында көшбасшылық сапаны қалыптастыру мен дамыту мәселесіне арнайы жеткілікті назар аударылмағандығы байқалды. Осыған байланысты психология мен педагогика ғылымдары саласындағы зерттеулерде «көшбасшылық», «көшбасшылық сапа» ұғымдары өте сирек кездеседі.

Көшбасшылық және көшбасшы ұғымдары – бұрынғы уақыттардан қазіргі таңға дейінгі аралықта басқару ғылымы саласында көп тартысқа түскен түсініктердің бірі. Сондықтан көшбасшылық ұғымына берілген анықтамалар аз емес. Олардың кейбіріне тоқтала кетуді жөн көрдік.

Шетелдік ғалымдардың бірқатары көшбасшылық ұғымына берген анықтамаларында топ мүшелерінің түрлі оқиғаларды шешуде белсенділік танытуына, қабілеттері мен ортақ бағыттарына әсер беретін ерекше әлеуметтік үдеріс деп белгіледі (Хой У.К., Мискель Ж.Г.). Әрине, тұлғаның ортада белсенді болуының өзіне, оның жеке басының дамуына арнайы ерекше орта керек. Сол орта көшбасшылық жағдайда адамға, адамдар тобына дамытушылық әсер беретін әлеуметтік ортаға айналғанда екіжақтылы дамыту үдерісі іске асады.

Жоғарыда мысалға алынған ғалымдардың көзқарастарына тағы бір топ ғалымдар қосылады. Олардың тұжырымдауына байланысты көшбасшылық ықпал етуге, әсер етуге, бағыттауға, дамуды қамтамасыз етуге және жол көрсетуге қажет үдеріс деп санайды (Роббинс П.С., Паксой М., Челик В., Башаран И.Е.). Көшбасшылықты бұлай сипаттау адамдар тобын, жеке тұлғаны мақсаттарға жету үшін белсенді әрекеттерге жетелейді. Жай ғана әрекеттенбей мақсатқа бағыттала бар күштерін салу үшін мүмкіндік жасап, кедергілерді жойып, қиындықтарды жеңіп топ мүшелерінің, жеке басының дамуын қамтамасыз ету және оларға жол көрсету нағыз көшбасшылықтың ісі.

Орта мектептегі көшбасшылық мәселелеріне американдық білім беру саласында біршама зерттеулер арналған. «Көптеген зерттеулер ересектер тұрғысынан көшбасшы болу дегенді зерттегенімен, студенттер тұрғысынан көшбасшылық

білім берудің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның шешім қабылдауда немесе білім беру өзгерістері тұрғысынан қарастыру аз жүргізілген жоқ» [1]. Қазақстанда жүргізілген осы мәселеге байланысты зерттеулер жасөспірімдердің бойындағы белсенділікпен көшбасшылық қасиеттерді дамыту жолдарын жете зерттеуге арналған [2, 3].

Ғалым Е. Ерен көшбасшылықты топты басқаратын абыройлы адамның қоластындағы адамдарды алға қойылған мақсатты орындау үшін жинап, олардың қызметін бір бағытта ұйымдастырып, білімдері мен қабілеттерінің жиынтығын әрекеттенуге жұмсау деп белгілейді.

Көшбасшылық топты әрекеттенуге ықпал жасайтын үдеріс. Бұл үдеріс топтағы адамдарды бірлестіру үшін, олардың бір-біріне ықпал жасау үшін міндетті түрде тұтастықты сақтауы керек. Сонымен қатар топтағы тұлғалардың іс-әрекеттерін басқару барысында көшбасшы жалпы бір мақсатқа жетуін қамтамасыздандырады (Zel U., Torlak N.G.).

Жоғарыда келтірілген ғалымдар топтарының көшбасшылықпен байланысты ой-пікірлерін мына ғалымдар жалғастыра отырып, былай толықтырады. Л.И. Уманский «...топтағы қоғамдық белсенділіктің бір формасы жетекшілік жасайтын тұлға үнемі өмірлік белсенді позицияны ұстайды, ол топтың мүшелері арасында беделді» – деп көшбасшыға анықтама береді [4].

Ғалым А.В. Малиновский көшбасшылықты «...мақсатқа жету үшін әрекет жасауға талпындыратын, жеке даралық және топтағы адамдарға әсер ете алуға қабілеттілік» деп санайды [5]. Ал әрекеттенуде бұл қабілеттілік көшбасшылықтың жоғары деңгейде байқалуына әкеледі.

Ғалымдардың тағы бір тобы көшбасшылықты кең түрде қарастырып жеке тұлғалық көрсеткіштің жеткіліксіз екеніне сүйене отыра көшбасшылықты басқаша қарастырады. Мысалы, белгілі психолог ғалым Р.С. Немов «...адамның көшбасшы рөліндегі іс-әрекетімен байланысты әлеуметтік-психологиялық құбылыстар жүйесі» көшбасшылық деп дәлелдейді [6].

XX ғасырдың елуінші жылдары жүргізілген көшбасшылықты анықтаудағы әлеуметтік-психологиялық зерттеулер көшбасшылықтың ішкі және сыртқы механизмдерін айқындауға мүмкіндік берді.

XX ғасырда көшбасшылық проблемасын жете зерттеуде батыс мектептері елеулі үлес қосты. Олардың арасынан ең ірілерін атауға болады: психоаналитикалық тұрғыда көшбасшылық үдерістің факторларын А. Адлер, З. Фрейд, К.Г. Юнг және т.б. зерттеді; Т. Адорно, Э. Фром «авторитарлық франфурктық жеке тұлғаның» тұжырымдамасын жасады және харизматикалық көшбасшылықтың және олардың ізбасарларының қатынастарын талдап көрсетті; Г. Лассуэл, Б. Скиннер, У. Уайт және т.б. ғалымдар саяси көшбасшылардың ерекшеліктерін зерделеді.

Көптеген психологтар мен педагогтар үшін тұлғаның көшбасшылық сапаларының феноменін ұғынудың маңызды факторы бірлескен топтық қызметтің мән мәтінінде болып табылады. Бұл саладағы ең алғашқы жұмыстар сонау XX ғасырдың 20–30 жылдарына саяды (А.С. Макаренко, А.С. Залужный, Е.А. Аркин т.б.). Олар көбіне балалар тобындағы көшбасшылықтың феноменін қозғады.

Көшбасшылық құбылыс ретінде күрделі ұйымдастырылған жүйелердің объективтік мұқтаждарында негізделетіні айқын байқалады. Ең алдымен, оларға өздігінен ұйымдасу мұқтажы, өмірлік және функционалдық қабілеттерді қамтамасыздандыру мақсатымен жүйенің жеке алынған бөлшектерінің тәртібін реттеу жатады. Бұндай реттеу тік (басқару-бағыну) және көлденең (бір дәрежедегі байланыстар) міндетті істерді және рөлдерді бөлу арқылы іске асырылады, ең бастысы басқарулық міндетті істерді және оның оларды іске асыратын құрылымдарды айқындау тиімді жұмыс үшін иерархиялық, пирамидалдық ұйымның болуын талап етеді. Бұндай басқару пирамидасының шыңы, әрине, көшбасшы болады.

Ғылыми әдебиеттерде тұлғалық сапа ұғымына бірқатар анықтама берілген. Оларды төменде кесте (1 кесте) түрінде ұсыну дұрыс деп ұйғардық:

1 кесте. Ғалымдардың тұлғалық сапа ұғымына берген анықтамалары

Ғалымның аты жөні	Берген анықтамасы
Тұлғалық сапа	
Л.И. Божович	Белгілі қоғамдағы бар болған тәртіп формасының игерілу нәтижесі
Н.И. Монахов	Тұлғаның тұрақты қарым-қатынастарының нәтижесі мен талданып жинақталған айнасы
М.И. Шилова	Қоғамдық тәртіп пен әрекетті реттеу мен бақылау барысында нормалар мен принциптердің бекітілуі
Л.М. Фридман, Т.А. Пушкина, И.Я. Каплунович	Білімнің, қарым-қатынастың және қылықтың бірлігі
Ю.М. Орлов	Типтік, нақты жағдаяттарға байланысты мінез-құлықтың тұрақталған формасы
И.Ф. Харламов	Адамның кез келген өзгермелі жағдаяттарда мінез-құлқының тұрақтылығын анықтайтын, алғашқы және бекітілген қарым-қатынас
Ш. Майғанова	Адамның жеке басына қатысты жалпы құндылықтарға қарым-қатынасына қарай, мінез, мәдениет, шығармашылық, бостандық, таңдау еркі, елін сүю, толеранттық, жеке табыс, жеке меншік, азаматтық қоғам, әділдік, тәртіптілік, т.б. сапалармен сипатталады: тұлғалық сапа сананың тұлғалық құрылымының мазмұны және деңгейі арқылы анықталады.

Көшбасшылық ұстанымының айқын анықталуы жүйені құратын қауымдастықтың типіне, оның қоршаған ортамен арақатынасына байланысты. Топтық интеграциясы төмен ұйымның түрлі дәрежелерінің автономиясы, жеке бөлшектерінің еркіндігі жоғары жүйелерде көшбасшының функциялары баяу дамығанын байқатады. Жүйенің және адамдардың өздерінің күрделі ұйымдастырылған ұжымдық әрекеттерге мұқтаждықтары молайған сайын және сол мұқтаждықтарды ұжымдық мақсаттар түрінде сезіну көшбасшының және оның функцияларының маманданымы жоғарлайды.

Жиырмамыншы ғасырдың басында адамдар көшбасшылыққа байланысты барлық оқуға, ізденіске қызыға бастады. Ғалымдар қандай дағдыларды дамыту керектігін, көптеген адамдарға ықпал етуді және оған қажетті дағдыларды игеруді айқындауға тырысты. Сондықтан да көшбасшылықтың қандай сипаттары неліктен тиімдірек ықпал ететінін айқындауға және оны болжауға көмектесетін көшбасшылықтың теориялары жасалды.

Әрекеттердің қандайда бір орындалуын ішкі немесе сыртқы қызықтыру мүмкіндігін көз есебімен қарап шығатындығында. Ішкі себеп талпыныс жаңа кәсіби дағдыларды алған адамның ішін аралап шығуы мүмкін немесе қызықты күрделі мәселені шешуінде себепші болады.

Мысалы, басқа жағынан алғанда басқалардың күшін жою, сыртқы себеп кәсіби мәжілістерде әріптестерін мойындаушылықта адам әдеттен тыс жұмыс жасау барысында еңбекақысы едәуір жоғарлауы мүмкін. Тәжірбие жүзінде адамдар, өз жұмысын жақсы орындап шығады, қалайда ішкі және сыртқы шығысты бақылап, сенімділік себебіне ие бола алады.

Көшбасшылық теорияларын қарастыруда Дуглас Мак-Грегордың Х және Y теориясы ерекше орын алады [5].

Әкімшіліктің дәстүрлі тұжырымдамасында кәсіпорынның барлығы да, оның жеке мүшелері де басшылықтың нұсқауында негізделген жұмысты бақылайды.

Бұл ретте Мак-Грегордың «Х теориясында» мінезделетін адами құндылықтар туралы негізгі болжамдар:

- Адамның жұмысқа деген жек көрушілігі болса және жұмыс жасауға ниеті болмаса, мейлінше одан құтылуға тырысса. Онда менеджер оларға ерекше жағдай жасайды, таңдау жасау керектігін және керексіздігін «нәтижелерді шектегендіктен» жұмыстан босатуға жолдайды.

- Адамдардың жұмысқа деген жек көрушілігі болса және жұмыс жасауға ниеті болмаса олар үшін орталықты нұсқайды, жауапкершілікті сезінуді талап етеді, көбі атаққа ие болғысы келіп, барлық қауіпсіздік шараларын ұмытып кетеді.

Мак-Грегор баламалы ұсыныс негізін қалайтын қағидатпен «Х теориясының» орнына «ықпалдасу» бағыттау және бақылауды ұсынды.

«Ү теориясында» адами себеп туралы жорамал жасау негізге алынған:

- Физикалық және зерделі күштер жұмсалатын еңбекте, дәл осылай демалысты немесе қандай да бір іскер ойындар пайдаланылады. Өзін жұмысқа арнаған адам жұмыс істеу жағдайларына байланысты мүмкіндігінше қанағаттандырудың көзі болу үшін жек көрінушілікті сынамайды тек жазалайды.

- Сыртқы бақылау бұл қызметкерді жұмысқа белсенді қосуға, тіркеуге мәжбүрлейтін жалғыз құрал-жабдық емес. Адам өзін-өзі басқаруын жүзеге асырады және олар мақсатқа жету үшін өзін-өзі бақылауда қандайда міндетке жетуді көздейді.

- Міндеттемені қабылдаудың өз жағдайында ең елеулі сыйақы, өз дегенін іске асыру қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігін көрсетеді. Бұл ұйым мақсатқа жетуге бағытталған күштердің нәтижесі, түзету мүмкіндігі болып табылады.

- Адамдарды оқуды қабылдау үшін ғана емес, жауапкершілікті сезіндіріп оқыту қажет.

- Өте көп адамдар мәселені ұйымдастырушылықта, шешім шығару кезінде тәжірибесін іс-жүзінде қабілетті қолдана бермейді.

- Қазіргі уақытта адам ортаға әлеуетін толық көлемде пайдаланбайды.

Қарастырылып отырған теориялар ішінде Маслоу пирамидасы ең маңыздысы болып табылады. Абрахам Маслоудың иерархиялық теориясы (1970 ж.) себепке сәйкес негізгі физиологиялық қажеттіліктерде, қағидаларда негізделген, сонымен бірге әлеуметтік немесе психологиялық қажеттіліктер есепке алынған [7].

Маслоу ең қарапайым деңгейден басқа ұсынылған қажеттіліктерді иерархиялық тұрғыдан төмендегідей сипаттаған:

- 1-ші деңгей: физиологиялық қажеттіліктер (ашаршылықта);
- 2-ші деңгей: қауіпсіздік жер қажеттіліктері (өмір сүру үшін);
- 3-ші деңгей: тиістілік тобына қажеттілік (қажеттілік, махаббат);
- 4-ші деңгей: мойындаушылық қажеттілік (жетістікке жету және басқаны мойындаушылық);
- 5-ші деңгей: когнитивті қажеттіліктер (өнер, білім);
- 6-ші деңгей: эстетикалық қажеттіліктер (сұлулық, жинақылық);
- 7-ші деңгей: өзіндік қажеттіліктер (адамның меншікті мүмкіндіктері).

Flannes және Buell (1999 ж.) Маслоу иерархиялық теориясын бейімдендірді және қажеттіліктерді әр деңгейде ұстауға жаңа анықтама жасады, олар үшін жұмысқа қатысты қажеттіліктерді өзгертетін иерархияны бейнелеп көрсетті [8]. Flannes және Buell жоғарыдағы иерархияны келесі деңгейде көрсетеді:

1-ші деңгей: жұмысты сақтауға қатысты қажеттілік.

2-ші деңгей: жұмыста орнықтылыққа қатысты қажеттілік.

3-ші деңгей: мамандыққа тиістілікке қатысты қажеттілік.

4-ші деңгей: мойындаушылыққа қатысты қажеттілік.

5-ші деңгей: өз зияткерлігіне қатысты қажеттілік.

6-шы деңгей: эстетикалық қажеттіліктер.

7-ші деңгей: өзіндік қажеттіліктер.

Адам өмірі ағымындағы себептер: әртүрлі жаста – әртүрлі қажеттіліктер. (Gail Sheehy) Шии Гейл өз зерттеулерінде мәселені сипаттауда әртүрлі жастағы топтарға кезігетін сол топқа ортақ қиындықтарды қарастырады [5]. Бұл (жиырмадан жиырма тоғызға, отыздан отыз тоғызға, қырықтан қырық тоғызға, елуден елу тоғызға, алпыстан алпыс тоғызға дейінгі жас аралығындағы өмірдің он жылдықтарымен анықталатын топтарды келесідей сипаттауға болады:

- Іздестіруге талпыныстағы, тырысуға ниетті, зерттеуде бейнеленетін «талпыныстағы жиырма жастағылар».

- «Мазасыз отыз жастағылар» үшін олардың өзін-өзі сәйкестендіру, нақтылануына және оларға қай бағытта қозғалатынына қарай ішкі келіспеушіліктер тән болуы мүмкін.

- «Гүлденген қырық жастағылар» – өздерін өмірінің қожайындары екенін сезінеді және кемелденген тұрғыдан өздерін жақсы түсінеді.

- «Жарқыраған елу жастағылар» – басқа адамдармен бәсекелестік жағдайынан өзара түсіністік іздеуге және басқалармен байланыс сезіміне көшуде болады.

- «Тыныш алпыс жастағылар» – адам өз жұмысында үйлесімділікке қол жеткізуге, ойын элементін негізге алып, «әр минутта өмір сүруге» ұмтылатын кезең. Сонымен қатар осы кезеңде адамдар қарттықты қалай қарсы алуды жоспарлайды.

XX ғасырдың қыркыншы жылдары зерттеушілердің бірқатары эмпирикалық зерттеулердің нәтижесінде жинақталған тұлғалық мінез құлықтары немесе көшбасшылар сапалары ара қатынасының көптеген фактілерін талдауға салған. Р. Стогдилл көшбасшының тұлғалық сапаларын толықтай зерттеп, талдау жасады да, көшбасшының жеке сапаларын зерттеу қарама-қайшы нәтижелер көрсетіп жалғаса береді деген пікір айтты. Дегенмен ол көшбасшыға тиесілі бірнеше құлықтарды атап өтті: ақыл-парасаттылық; білімге деген талпыныс; жауапкершілік; сенімділік; белсенділік; әлеуметтік-қатысушылық [8].

Сонымен бірге Р. Стогдилл әртүрлі жағдайда аса тиімді әрекет жасай алатын көшбасшылар әрқилы тұлғалық сапаларды олжалайтынын айтады

Зерттеуші Р. Манн ұқсастық идеясын алға тартты, ол көшбасшы ретінде адамның мінез-құлқына және айналадағылардың оған деген қарым-қатынасына айтарлықтай әсер ететін тұлғаның қасиеттерін атап айтты: ақыл-парасаттылық,

бейімдеушілік, адамдарға әсер ете білу қабілеттілігі (Р. Маннның тұжырымдамасы бойынша бұл қасиет көшбасшылықпен тікелей байланысты, өйткені өзгелерден гөрі, өзінің алынған мәліметтері бойынша басқаларға әсерін тигізе алу қабілеті бар адамдардың көшбасшы болуға мол үміті бар деп тұжырымдады), экстраверттігі (әдетте көшбасшылар көпшіл болады), консерватизмсіздік, зеректік, эмпатия [8].

С. Коссеннің пікірі бойынша, тұлға жақсы көшбасшы болу үшін келесі мінез ерекшеліктеріне ие болуы керек: мәселені шығармашылықты тұрғыдан шеше білу; өз идеяларын ізбасарларына жеткізе алу; дәлелдей білу; өзгелерді тыңдай алу және өзгелердің кеңестерін қабылдай алу; көпшіл болу, кең ауқымды қызығушылықтарға ие болу; адал, турашыл, ізбасарларымен сындарлы болу; өз-өзіне деген қадір-қасиетке, өзіне деген сенімділікке ие болу; кез келген жағдайларда «өз-өзін ұстай алу»; жоғары тәртіп талаптарында ынталы болу [5].

Ғалым А. Менегетти көшбасшыға тиісті келесі сапаларды көрсетеді: басымды болатын зияткерлік әлеуеттілік; өзінің жоғары табиғи әлеуетін дамытуға үнемі талпынушылық – оқуға деген құштарлық; әрекет жасауға өте жоғары талапшылдық (тиімді және қажетті болу үшін ол үнемі әрекет үстінде болу керек); өзінің мамандығына, жеке ісіне деген махаббат; аса жоғары кәсіби деңгейлік; оңтайлы интуиция (түйсік) [9].

Көшбасшылық мәселесі бойынша талдау жұмыстарын жүргізе келе, Л.И. Уманский көптеген авторлар баса назар аударатын көшбасшыларға тән келесі сапаларды көрсетеді: ақыл-парасаттылық, саналылық, эмоционалды кемелділік, тәуелсіздік, сақтық, ұқыптылық, беріктік және т.б. [4].

Нәтижелері

XXI ғасырдың жиырмамыншы жылдары адамзат дамуында ерекше орын алған жылдар. Қазіргі заман өзгерістері бұрын соңды болмаған жағдайлармен байланысты. Осы кезде дүние жүзіндегі барлық елдердегі адамдардың шырқын бұзған пандемия, болашаққа аяқ басудың оңтайлы құралы бола тұра адамдарға, оның ішінде әсіресе балаларға, жастарға кері әсерін көбірек берген ақпараттық, әлеуметтік желілер, құралдар көптеген шешуі қажет мәселелердің басын ашты.

Мақаланың өзегі болған жастардың көшбасшылық сапаларын зерттеумен біз көп жылдар айналасып келеміз. Американдық ғалым Victoria Sherif орта буын мектеп оқушыларының көшбасшылығын дамыту мәселелерін зерттеумен 2009 жылдарда Қазақстанда Павлодар қаласының мектептерінде бастаған. Осы тақырыпты ғалым Америкада жалғастырды. Ол жерде Канзастың Уичита штатының университетінде, Лексингтонның Кентукки университетінде мектеп оқушыларының көшбасшылық сапаларының даму мәселелерін зерттеді. 2017–2022 жылдары осы оқу орындарының қолдауымен орта мектеп оқушыларының

көшбасшылық қасиеттері, сапалары қандай өзгерістерге ұшарағаны бойынша зерттеулер жүргізді.

Америкада жүргізілген зерттеулермен қатар біз қазақстандық жастардың тұлғалық, көшбасшылық сапаларына әлемдегі өзгерістер қандай әсер бергенін зерттеуді қатар жүргіздік. Қазақстандағы саяси, әлеуметтік үдерістер тұрғысынан көшбасшылықтың табиғатын қалай түсіндіріп талдауға болатынын зерттедік. Ортада қалыптасқан құндылықтар тұлғаның көшбасшылық сапаларының дамуына қандай әсер беретіні біз үшін ең маңызды мәселе болды. Батыс елдеріне қарағанда шығыс жастарының дамуына орта, аға ұрпақ үлкен мән беретіні баршаға мәлім.

Педагогика ғылымында кең тұрғыдан алғанда тәрбиені аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа берер тәжірибесі деп ұрпақтар жалғастығына үлкен мән беріледі. Әсіресе ұлттық тәрбиеде бұл қағида ерекше сақталып ортада қалыптасқан жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа өсиет болып беріліп тәрбиенің өзегіне айналған еді. XX ғасырдың 80–90 жылдары қалыптасқан жағдай өзгеріп аға ұрпақтың жинаған мол тәжірибиесі жас ұрпаққа жарамсыз болып тәрбие саласында қоғамда қалыптасқан идеологиядан бас тарту орын алды.

Сол жылдары біз жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша жастар тәрбиесіндегі басты мәселе тұлға бойында азаматтылықты қалыптастырып дамыту маңызды болды. Оқушыларды өз елінің белсенді де жауапкершілікті мойнына ала алатын көшбасшы болуы педагогтарға байланысты. «Нағыз азаматты тәрбиелейтін мұғалімнің азаматтылығы дұрыс қалыптасу үшін болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жүйелі-мақсаттылық, тұлғалық-қызметтілік, тұлғаға бағытталған, және тағы басқа тұғырлар арқылы әдістемелік қамсыздандыру қажет. Бұл үшін оқу пәндерін оқытуда «мәдениетті меңгеру» басымдығын тұлғаның өздігінен өзектену, өздігінен даму, өздігінен жетілу және оның маңызды мұқтаждарын іске асыруға ауыстыру керек» [10, с.14]. Көп жылдарғы зерттеу нәтижелері бойынша азаматтылықты біз көшбасшылықпен тығыз байланыстырамыз. Өз елінің қамын ойлайтын азамат белсенді іс-қимыл, әрекет жасауға ұмтылыста болады, ал бұл көшбасшылық сапасының бірі.

Болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін талдай келе, қазақстандық ғалымдар оған жеке бастың тұлғалық қасиет-қабылеттерінің ішінде жауапкершілікке, азаматтылыққа ерекше мән беріп оларды болашақ педагогикалық қызмет үшін кәсіби маңызды сапалар қатарына жатқызады. Нақтылай келсек, ғалым Ақ.Қ. Нұрғалиева болашақ мұғалімнің көшбасшылық сапаларының дамуын зерттеу бойынша жүргізген жұмыстарының нәтижесін халықаралық ғылыми-практикалық тәжірибелерде баяндап ғылыми басылымдарда жариялады [11].

Заманауи педагогикалық зерттеулер көшбасшылық пен азаматтылықтың мәнін терең түсінуге үлесін қосып жатыр. Соңғы жылдары біз өз зерттеулерімізді тереңдете түсіп болашақ мұғалімдердің азаматтылығын қалыптастыруда болашақ педагогтардың азаматтық сәйкестігінің мәніне ерекше назар аударудың қажеттілігін алға қойдық. Өйткені елімізде Қазақстан дамуының стратегиясын іске асырудың тактикалық жолының бірі ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданып іске асырылуда. Тұлғаның азаматтық сәйкестігін қалыптастыруда аталған бағдарламаның ішіне «Туған жер» арнайы жобасы кіреді. Біздің зерттеуші тобымыздың ізденісінің тағы бір жаңа бағыты тұлғаның өз отанына деген сезімдерінің, күш-қуатының дамуына үлкен әсер беріп оның азаматтық сәйкестілігін қалыптастыратын туған елінің киелі жерлері, олардың тарихы туралы білімдерді меңгеріп соның негізде өзінің азаматтық қабылеттерін дамытып ата-қоныс елін қорғап дамытуға үлес қосуға ұмтылысын ояту [12].

Көшбасшылық – қызметтің, қарым-қатынастың және топ мүшелерінің арабайланыс нәтижесінде топты дифференциациялау амалының бірі. Топ құрамындағы индивидтардың, қарым-қатынастарының және арабайланыстарының нәтижесінде пайда болып көшбасшылық күрделі әлеуметтік-психологиялық феноменге айналады. Онда белгілі бір түрде жинақталып топтың даму сипаттары байқала бастайды, әсіресе тек қана психологиялық және эмоционалдық-психологиялық сипаттар ғана емес, сонымен қатар ең бастысы – әлеуметтік және таптық табиғат пен мәнге иелері.

Қорытынды

Көшбасшылық – күрделі топ дамуының әлеуметтік-психологиялық үдерісі, оның барысында топтық құрылымның пайда болуы және дифференциясы іске асырылып, ол онтайланып үздіксіз жетіледі. Көшбасшылық пен басқаруды бір-бірімен теңестіру немесе бір-біріне қарсы қою қате. Қазіргі кезеңнің зерттеушілері анықтағандай көшбасшылық пен басқару – бұл топтық әрекетте ең жоғары әсерге жету үшін әлеуметтік-психологиялық әсер берудің барлық механизмдері мен тәсілдерінің нақты адамға (персонаға) бағытталған формалары.

Көшбасшылық әлеуеттің қоршаған ортаға байланысты басқа сипат алуын зерттеу қазіргі кезде жаңа жағдайға байланысты көптеген теориялардың пайда болғанын байқатты. Бұл теориялардың негізін қалаушылар (Е. Уэсбур, Дж. Браун, К. Джибб) әлеуметтік контекстке көбірек назар аудару керек деп табады. Аталған көзқарастың басты дәлелі – әлеуметтік өзгерістер көшбасшылық сапаларды жаңартып жаңғыртады немесе соның нәтижесінде көшбасшының жаңашыл бастамалары пайда болады.

Американдық зертеуші ғалым Victoria Sherif біз жоғарыда өз зерттеулеріміз нәтижесінде жасаған нағыз көшбасшы нағыз азамат болуы керек деген тұжырымды алыстағы батыс елінде әлеуметтік тұрғыдан сол елде ХХ ғасырдың 80–90 жылдары көшбасшылық мінез-құлықтың ұтымды негізіне қарай бұрылуын айтады [13]. Біздің зерттеулерімізде аталғандай әлеуметтік орта үшін көшбасшының даралық құндылықтарының қоғамдық ортаның (топтың) құндылықтар жүйесімен сәйкес келуі көшбасшының өз командасын құруы үшін өте маңызды дейді. Командалық қызметте ара-қатынас тек қана көшбасшының мінез-құлқының басым болуына байланысты емес. Ең бастысы, топтағы бастамашы мен қабылдаушылардың ортақ мақсаттарын саналы түрде түсініп ортақ мүддеге айналдыруы. «Көшбасшы – қоғамның қалыптасқан құндылық құрылымын бір жағынан қабылдайтын, екінші жағынан – құндылық-нормативтік ядроны құрастыру және енгізу арқылы оны ақылға қонымды түзетуге тырысатын адам» [13].

Сонымен бұл мақала арқылы біздің алға қойған мақсатымыз – көшбасшылық мәселелерімен айналысып жүрген зерттеушілерді ХХ ғасырдың 90 жылдары басталған зерттеулеріміздің кейбір нәтижелерімен таныстырп ортаға ой салу болатын. Негізі ең басты зерттеу жұмысымыз жоғары сынып оқушыларының азаматтық белсенділігінің қалыптасуына отбасының әсерін әлеуметтік-педагогикалық аспект тұрғысынан зерттеу болатын. Оны аяқтап мақсатымызға жеткен соң зерттеу мәселелерінің кеңейгені байқалды. Бірінші зерттеу жұмысымыз Ресейде, Қазақстанда, Қиыр шығыста, Ресейдің қара топырақты орталық аймақтарында жүргізілген болса біздің зерттеу тобымыз бүгінде халықаралық деңгейге шығып американдық және қазақстандық білім беру жүйесіндегі оқушылардың тұлғалық дамуындағы көшбасшылық сапалардың жағдайымен айналасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Victoria Sherif.** Моделирование лидерства молодежи: интеграция теорий развития личности и этики. Журнал обучения лидерству, 18 (2) 2019. https://journalofleadershiped.org/jole_articles/modeling-youth-leadership-an-integration-of-personality-development-theories-and-ethics/.
2. **Нурғалиева, А.К., Ахметова, К.** Болашақ мұғалімдердің көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың кейбір теориялық мәселелері. Педагогический вестник Казахстана. – Павлодар, 2020. – № 3. – С. 58-69.
3. **Нурғалиева, А.К., Акопян, А.** Критерии и показатели ответственности как качества личности // Вестник ПГУ. Педагогическая серия. – 2020. – №2. – С. 75-84. ISSN 1811-1831. https://vestnik.psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=3638.
4. **Уманский, Л.И.** Личность. Организаторская деятельность. Коллектив. изб. пед. тр. – Кострома, КГУ им. Н.А. Некрасова, 2001. – 208 б.
5. Личность. Теории, эксперименты, упражнения. Психологическая энциклопедия / сост. Р. Фрейджер, Д. Фейдимен. – С-Пб; -М.: Прайм-Еврознак, 2001. – 864 б.

6. **Немов, Р.С.** Психология: учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений: В 3 кн. – 4-е изд. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 688 б.
7. **Маслоу, А.** Новые рубежи человеческой природы / под общ. ред. Г.А. Балла и др. – М.: Смысл, 1999. – 423 б.
8. **Stogdill, R.M.** Handbook of Leadership. A survey of theory and research. – N.Y., 1974. – 362 б.
9. **Менегетти, А.** Психология лидера / пер. с итальянского А. Николаева. – Изд. 2-е испр. и доп. – М.: МГУП, 1999. – 144 б.
10. **Нурғалиева, А.К.** Теоретико-методологические основы формирования гражданственности будущих учителей в современных условиях. Автореферат на соискание ученой степени д.п.н. Алматы, 2006 г. 49 с.
11. **Нурғалиева, А.К.** Анализ развития лидерских качеств будущих педагогов // Материалы за 12-а международна научна практична конференция, «Новината за на преднасти наука». – 2016. Том 6. Педагогически науки. София (Болгария). «Бял ГРАД-БГ» ООД – С. 55-60.
12. **Нурғалиева, А.К., Темербаева, А.Ж.** Вопрос формирования гражданской идентичности будущих педагогов в современной педагогической науке // Вестник ПГУ им. С. Торайгырова. – 2019. – №4.
13. **Victoria Sherif.** Сущность лидерства и возможность формирования его потенциала в отечественной и зарубежной психолого-педагогической литературе. <http://www.eduneeed.ru/ededs-216-1.html>

References

1. **Victoria Sherif.** Modeling youth leadership: integrating theories of personality development and ethics. Leadership Training Journal (2019), [Modeling youth leadership: integrating theories of personality development and ethics] https://journalofleadershiped.org/jole_articles/modeling-youth-leadership-an-integration-of-personality-development-theories-and-ethics/.
2. **Aygerim Nurgalieva, Camila Ahmetova.** Bolashaq mұғalimderdiң keshbasshylyk sapalaryn kaluptastyruduң kejbir teoriyaluқ мәseleleri (2020), [Some theoretical issues of formation of leadership qualities of future teachers] // Pedagogical Bulletin Kazakhstan. – Pavlodar, 2020. – №3. S.58-69.
3. **Akmaral Nurgalieva, Ania Hakobyan.** Kriterii i pokazateli otvetstvennosti kak kachestva lichnosti (2020), [Criteria and indicators of responsibility as personality quality] // Bulletin of PSU. Pedagogical series. – 2020, №2. – S. 75-84. ISSN 1811-1831. https://vestnik.psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=3638.
4. **Umanskij L.I.** Lichnost'. Organizatorskaya deyatelnost'. Kollektiv.izb. ped. tr. (2001), [Organizational activities. Collectiv.izb. ped. tr.] // Kostroma, N.A. Nekrasov KSU, 2001. – 208 s.
5. Lichnost'. Teorii, eksperimenty, uprazhneniya. Psihologicheskaya enciklopediya / sost. R. Frejdzher, D. Fejdimen. (2001), [Personality. Theories, experiments, exercises. Psychological Encyclopedia] // S-Pb.–M: Prime Eurognack, 2001. – 864 s.
6. **Nemov, R.S.** Psihologiya: ucheb. dlya stud. vyssh. ped. ucheb. zavedenij: V 3 kn. – 4-e izd (2003), [Psychology: Study. For student. High. Ped. educational institutions: In 3 rooms. – 4th ed.] // M.: Humanite. ed. VLADOS Center, 2003. – 688 s.
7. **Maslow, A.** Novye rubezhi chelovecheskoj prirody. pod obshch. red. G.A. Balla i dr. (1999), [New frontiers of human nature. under the general. ed. G.A. Balla and others.] // M.: Meaning, 1999. – 423 s.
8. **Stogdill, R.M.** Handbook of Leadership. A survey of theory and research. (1974), [Handbook of Leadership. A survey of theory and research.] // N.Y., 1974. – 362 s.

9. **Meneghetti A.** Psihologiya lidera / per. s ital'yanskogo A. Nikolaeva. – Izd. 2-e ispr. i dop (1999), [Psihologiya lidera / per. s ital'yanskogo A. Nikolaeva. – Izd. 2-e ispr. i dop.] // M.: MGUP, 1999. – 144 s.

10. **Aygerim Nurgalieva.** Teoretiko-metodologicheskie osnovy formirovaniya grazhdanstvennosti budushchih uchitelej v sovremennyh usloviyah. Avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni d.p.n. (2006), [Theoretical and methodological foundations for the formation of citizenship of future teachers in modern conditions. Abstract for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences] // Almaty, 2006. 49 s.

11. **Akmaral Nurgalieva.** Analiz razvitiya liderskih kachestv budushchih pedagogov // Materiali za 12-a mezhdunarodna nauchna praktichna konferenciya, «Novinata za na prednali nauka», – 2016. Tom 6. Pedagogicheski nauki (2016). [Analysis of the development of leadership qualities of future teachers// Materials for the 12th international scientific practical conference, «Novinata for the science betrayed,» – 2016. Volume 6. Pedagogically sciences.] // Sofia (Bulgaria). «Byal GRAD-BG» OOD – S. 55-60.

12. **Aygerim Nurgalieva, Asel Temerbaeva.** Vopros formirovaniya grazhdanskoj identichnosti budushchih pedagogov v sovremennoj pedagogicheskoj nauke (2019), [The question of the formation of the civic identity of future teachers in modern pedagogical science] // Bulletin of the PSU named after S. Toraigyrov No. 4, 2019 j.

13. **Victoria Sherif.** Sushchnost' liderstva i vozmozhnost' formirovaniya ego potenciala v otechestvennoj i zarubezhnoj psihologo-pedagogicheskoj literature [The essence of leadership and the possibility of forming its potential in domestic and foreign psychological and pedagogical literature] // <http://www.eduneeed.ru/ededs-216-1.html>

*Victoria Sherif¹, A.K. Нургалиева², Ак.К. Нургалиева³

¹ PhD доктор, Университет Кентукки, США.

² д.п.н., профессор высшей школы педагогики Павлодарского педагогического университета, Казахстан.

³ к.п.н., ассоциированный профессор высшей школы педагогики Павлодарского педагогического университета, Казахстан.

Результаты исследования некоторых проблем формирования лидерских качеств личности

Аннотация. Главной целью педагогической деятельности является формирование личности, способной в будущем использовать свои лидерские свойства и качества, сформированные в себе, для вклада в развитие общества. В статье рассматриваются некоторые теоретические основы проблем, связанных с лидерством, данные в научной литературе определения ученых понятий «лидерство», «личностное качество», их проявления в ходе анализа лидерства. Понятие «лидерство в образовании» в статье рассмотрено через анализ известных теории лидерства. Педагоги-ученые, проводившие долгие годы исследовательскую работу по вопросу лидерства, проанализировали качества, характерные для лидеров, на которые обращают внимание многие авторы, с точки зрения особенностей сферы образования. Статья о том, что факторы, влияющие на развитие общества, среды, отношения между людьми, динамично развивают лидерские качества молодежи, стала ядром научных исследований в разных странах. Изучая вопросы лидерства на протяжении многих лет, авторы приводили в статье результаты исследований по тому, какие изменения претерпело лидерство молодежи за последние пять-семь лет. Авторы статьи исследователи проблем лидерства современ-

ного этапа делают главное заключение, что лидерство и управление является формой социально-психологического воздействия для достижения максимального эффекта в групповой деятельности.

Ключевые слова: лидерство, личностное качество, лидерские качества, лидерство в образовании, молодежное лидерство.

*Victoria Sherif¹, A.G. Nurgalieva², Ak.G. Nurgalieva³

¹ Ph.D, University of Kentucky, USA.

² Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan.

³ candidate of pedagogical Sciences, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy of Pavlodar Pedagogical University Kazakhstan.

Results of the study of some issues of formation of privacy saps of personality

Annotation. The main goal of pedagogical activity is the formation of a person who can in the future use his leadership properties and qualities formed in himself to contribute to the development of society. The article discusses some theoretical foundations of problems related to leadership, data in the scientific literature of the definition of scientists of the concept of «leadership,» «personal quality,» their manifestations during the analysis of leadership. The concept of «leadership in education» in the article is considered through the analysis of well-known theories of leadership. Academic educators who have conducted research work on leadership for many years have analyzed the qualities characteristic of leaders, which many authors pay attention to, in terms of the peculiarities of the field of education. The article that factors affecting the development of society, the environment, relations between people, dynamically develop the leadership qualities of young people, has become the core of scientific research in different countries. Studying leadership issues over the years, the authors cited in the article the results of studies on what changes youth leadership has undergone over the past five to seven years. The authors of the article, researchers of the leadership problems of the modern stage, make the main conclusion that leadership and management is a form of socio-psychological impact to achieve maximum effect in group activities.

Keywords: leadership, personal quality, leadership qualities, leadership in education, youth leadership.